2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Қазақстан Республикасы Сауда және инте: рация министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша аналитикалық анықтама

Ақтөбе қаласы **2026 жылғы 11 Қыркүйек**

Департамент басшысының 2026 жылғы 4 қыркүйектегі № 6НҚ бұйрығымен құрылған жұмыс тобы Департаменттің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің жобалық басқару мәселелері жөніндегі кеңесінің 2026 жылғы 17 шілдедегі № 110-ПР хаттамасы.

Талдауды жұмыс тобының жетекшісі Үкібаев Нұрбол Алпамысұлы және жұмыс тобының мүшесі Муапық Нұрбек Асқарбекұлы тікелей жүргізді. Жұмыс нәтижелеріне басшылық ету, оларды үйлестіру және жауапкершілік Департамент басшысы Нурбаева Гульзат Галимжановна жүктелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 4-10 қыркүйек.

Талданатын кезең: 2026 жылғы 1 қаңтардан 30 маусымға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Үлгілік қағидаларда белгіленген бағыттар бойынша жүргізілді:

Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталады.

Талдау объектісінің ұйымдық-басқарушылық қызметі деп мынадай мәселелер түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын орындау;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет қаржысын игеру және бөлу;

7) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

8) бюджеттік жоспарлау;

9) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

10) цифрлық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

11) талдау объектісінің ұйымдық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талданатын объект туралы мәліметтер

Департамент Ақтөбе облысы бойынша техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу салаларында, сондай-ақ зергерлік бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті» РММ аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 25 шілдедегі №9 бұйрығымен бекітілген Департамент туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің орналасқан жері: 030007, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 1Б ғимараты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. «ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. «ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ бақылау функцияларын іске асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
3. «ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ ұйымдық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заңы;
-Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №454-НҚ «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін

-Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №454-НҚ «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау,тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның күшін жою қағидаларын бекіту, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификат нысандарын белгілеу туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 27 маусымдағы № 269-НҚ «Техникалық реттеу саласында бақылау мақсатында сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Заңнамадағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері (қайшылықтар, олқылықтар, дискрециялық нормалар және өзге де факторлар)

Есепті кезеңде Департаментте қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталды:

Талдау нәтижелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі лауазымды адамдардың өкілеттіктерін, әкімшілік рәсімдердің реттілігін және шешім қабылдау негіздерін жеткілікті түрде егжей-тегжейлі регламенттейтіні анықталды, бұл тұтастай алғанда нормаларды біркелкі емес түсіндіру мүмкіндігін азайтады.

Сонымен бірге заңнаманың жекелеген ережелерінде бағалау санаттары көзделген немесе лауазымды адамдарға белгілі бір дәрежеде қалау мүмкіндігі берілген.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде мемлекеттік бақылау мен профилактикалық бақылаудың жалпы қағидаттары айқындалған, алайда бақылау субъектілерін іріктеудің нақты өлшемшарттары заңға тәуелді актілер деңгейінде бекітіледі. Бұл профилактикалық бақылау тізімдерін қалыптастыру кезінде әртүрлі тәсіл қолдану ықтималдығын туғызады. Сонымен бірге Департамент қызметінде бұл тәуекел бекітілген тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы барынша азайтылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін талдау барысында құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауапкершіліктен босату мүмкіндігін көздейтін 64-1-бапта қолданылуы істің нақты мән-жайларына байланысты бағалау ұғымдары бар екені анықталды. Субъективті тәсілді болдырмау мақсатында әрбір қабылданған шешім толық әрі уәжді негіздемені қамтуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңын зерделеу заң нормаларының императивті түрде тұжырымдалғанын, мемлекеттік бақылау органдарының өкілеттіктері нақты айқындалғанын, сыбайлас жемқорлық факторлары анықталмағанын көрсетті. Ықтимал тәуекелдер тек заңнаманы қолдану практикасына байланысты және тексеру парақтарын, фотофиксацияны пайдалану және бақылау әрекеттерін құжаттау арқылы төмендетіледі.

Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңын талдау жекелеген нормаларда, атап айтқанда адамдардың өміріне, денсаулығына немесе қоршаған ортаға тікелей қатердің болуын айқындау кезінде, сондай-ақ сынақ жүргізу үшін өнімді іріктеу туралы шешім қабылдау кезінде бағалау ұғымдары қолданылатынын көрсетті. Сонымен бірге бақылау мақсатында сатып алуды жүргізудің, өнімді сынаудың және зерттеу нәтижелерін ресімдеудің қолданыстағы рәсімдері олар толық құжатталған жағдайда қабылданатын шешімдердің объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заңы бойынша сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ. Заң жеткілікті құқықтық айқындықты қамтиды, ал туындайтын тәуекелдер нормалардың мазмұнына емес, оларды қолданудың белгіленген тәртібін сақтауға байланысты.

Талдау барысында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің №269-НҚ бұйрығымен бекітілген Техникалық реттеу саласында бақылау мақсатында сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары да қаралды. Бақылау мақсатында сатып алуды жүргізу алдындағы ақпаратты алдын ала талдау, сатып алынатын үлгілер санын айқындау және бақылау субъектілерін хабардар ету тәртібі сияқты жекелеген рәсімдік мәселелер лауазымды адамдардың белгілі бір дәрежеде қалауына жол беретіні анықталды.Сонымен бірге аталған тәуекелдер қабылданатын шешімдерді міндетті түрде жазбаша негіздеу, рәсімдерді құжаттаудың бірыңғай тәсілдерін пайдалану және объективтілік пен ашықтық қағидаттарын сақтау арқылы барынша азайтылуы мүмкін.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің №454-НҚ бұйрығы талданды.Аталған нормативтік құқықтық акт Ақтөбе облысы бойынша Техникалық реттеу және метрология комитеті департаментінің өкілетіктеріне жатпайтын мәселерді реттейтіні анықталды, осыған байланысты Департамент қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тікелей әсер етпейді.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша Департамент қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер тұтастай алғанда жеткілікті құқықтық айқындыққа ие және қабылданатын шешімдердің заңдылығына елеулі ықпал етуі мүмкін сыбайлас жемқорлық факторларын қамтымайды деген қорытынды жасалды. Анықталған жекелеген бағалау ережелері қолданыстағы бақылау рәсімдерімен, шешімдерді міндетті түрде құжаттық ресімдеумен және лауазымды адамдардың қызметіне ведомстволық бақылаумен теңгеріледі.

II. «ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ бақылау функцияларын іске асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Департамент өз кызметінде Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы», «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы», «Сәйкестікті

бағалау саласындағы аккредиттеу туралы», «Стандарттау туралы», «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» заңдарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңды, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін, Кеден одағының, Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерін, ҚР СТ және өз құзыреті шегінде басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2026 жылдың 1-жартыжылдығында Департамент бақылау функцияларын мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырды:

- субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау;
- субъектіге бармай профилактикалық бақылау;
- жоспардан тыс тексерулер;
- прокуратура органдарымен бірлескен тексерулерге қатысу.

Көрсеткіш	**Ақтөбе бойынша мәні**
Барлық іс-шаралар	98 іс-шара нақты өткізілді
Бұзушылықтар анықталған іс-шаралар	96(98,0%)
Берілген нұсқамалар/ұсынымдар	94:1 нұсқама +93 ұсыным
Жоспардан тыс тексерулер	4 тіркелді; 3 анықталды; 1есептен шығарылды; 1 аяқталған тексеру барысында бұзушылық анықталды.
Субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау	0
Алдын ала мониторинг және субъектіге бармай профилактикалық бақылау	93; 93 бойынша бұзушылықтар көрсетілді. Избанов Т.К.-88 (аккредиттеу-35, метрология-24, техникалық реттеу -29); Кутумов Д.Б.-5 (техникалық реттеу)
Бақылау сатып алуы	1 іс-шара; 3 субъекті қамтылды; 1субъект бойынша сәйкесіздік анықталды
Бірлескен тексерулер/қарап тексерулер	1 бірлескен қарап тексеру; 20 көлік құралы қаралды; 5 сауда суъектісінде заң бұзушылықтар анықталды
Зергерлік бұйымдарды өткізетін субъектілерге хабарламалар	56; 16 субъекті жауап берді; 40 хабарлама жеткізілмеді
Орындалмаған ұсынымдар	0 расталған жағдайлар; 1 жартыжылдықта ұсынымдардың орындалмағаны туралы мәліметтер көрсетілмеген
Бақылау нәтижелері бойынша кері қайтарылған/жойылған құжаттар	1 555; 1 527 тексеру сертификаты, 26 сәйкестік туралы декларация, 2 СБКТС

Әкімшілік хаттамалар	12:1-ЖК «Рыспаев» (ҚР ӘҚБтК-415 бабы) ; 11 - АФ АҚ «НаЦЭкС» (ҚР ӘҚБтК-нің 415-1 бабы)
Әкімшілік айыппұлдар	26 371 687,5 теңге: 25 950 000 теңге АФ АҚ «НаЦЭкС» бойынша + 421 687,5 теңге ЖК-ға қатысты әкімшілік материал бойынша
Айналымға шығаруға тыйым салу/ алып қою	0/0
Департамент әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасау	2026 жылдың I жартыжылдығында – 0; «НаЦЭкС» АҚ АФ бойынша сот арқылы шағымдану – талданатын кезеңнен кейін жүргізілді.
ККТК рандомды талдауы	0 2026 жылғы I жартыжылдықта жеке рәсімделген іс-шаралар
Өтініштер	58 тіркелді; 36 Департаментпен қаралды (Избанов Т.К. – 35, Кутумов Д.Б. – 1); 22 қайта бағытталды; мерзімі өткендері – 0
Құжат айналымы (Documentolog)	124 хат жабылды: Избанов Т.К. – 85, Кутумов Д.Б. – 39
Ақпараттық-түсіндіру жұмысы	32 жарияланым: Избанов Т.К. – 17, Кутумов Д.Б. – 15

Ескертпе. «Барлық іс-шаралар» = бармай бақылау жүргізудің 93 профилактикалық іс-шарасы + аяқталған 3 жоспардан тыс тексеру + 1 бақылау мақсатында сатып алу + 1 бірлескен тексеру. Зергерлік бұйымдар бойынша хабарламалар, өтініштер, хаттар мен жарияланымдар бақылау іс-шараларының жалпы санына енгізілген жоқ. Дереккөздер: 2026 жылғы Үлкен есеп, Т.Қ. Избанов пен Д.Б. Кутумовтың анықтамалары, 01.01–30.06.2026 ж. аралығындағы ТАБТЖ (ЕРСОП) мен ӘӘБТЖ (ЕРАП) деректері. «ҰлтЭкС» АҚ АФ бойынша 25 950 000 теңгеге қаулыны сот 26.08.2026 ж., яғни талданатын кезеңнен кейін жойды.

Салалар бөлінісінде: аккредиттеу саласында – 26 іс-шара, техникалық реттеу саласында – 16, зергерлік бұйымдар бойынша – 59, метрология саласында – 115 іс-шара өткізілді. Зергерлік бұйымдарды өткізу саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есепке сәйкес субъектілерге бармай профилактикалық бақылаудың 58 іс-шарасы өткізілген; жиынтық есептегі 59 қорытынды көрсеткіш бір жоспардан тыс тексеруді қамтиды.

Ұсынылған есептілік бақылау және әкімшілік-юрисдикциялық өкілеттіктердің іс жүзінде жүзеге асырылғанын растайды. Есепті кезеңде Департаменттің әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасалған жоқ.

Департамент шешімдерінің заңсыз деп танылғаны, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылыққа тартылғаны немесе расталған мүдделер қақтығысының болғаны туралы мәліметтер жоқ.

III. «ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» РММ ұйымдық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1. Персоналды басқару

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 6-бабының талаптарына сәйкес Сауда және интеграция министрлігінің Бірыңғай персоналды басқару қызметі (бұдан әрі – БПБҚ) құрылды.

БПБҚ мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы орындау бойынша министрліктің барлық бөлімшелерінің (орталық аппарат, ведомстволар және олардың аумақтық бөлімшелері) қызметін үйлестіреді, конкурстық іріктеу, мемлекеттік қызметшілерді қызмет бойынша ілгерілету, олардың қызметін бағалау, қызметтік тергеп-тексеру, тәртіптік жауаптылыққа тарту, жұмыстан босату рәсімдерінің сақталуын, сондай-ақ өзге де кадр мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді. Осылайша, кадр құжаттарын, оның ішінде «е-қызмет» жүйесінде қалыптастыру кезінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері келісушілер қатарында осы бөлімшеге жетекшілік ететін кадр қызметкерін міндетті түрде көрсетеді.

Департамент мемлекеттік қызметшілердің штат саны - 3 адам, нақты саны - 3. Департаментте бос орындар жоқ.Теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет атқару (жұмыс істеу) фактілері анықталған жоқ.

Сауда және интеграция министрлігінің бұйрығымен 2022 жылғы 18 наурыздан бастап әдеп жөніндегі уәкілдің міндеттері Департамент басшысына жүктелген. Бұған дейін әдеп жөніндегі уәкілдің функцияларын бөлім басшысы атқарған. Аумақтық департаменттердің құрылымы өзгеруіне байланысты бөлім басшысы лауазымы қысқартылды. Осыған байланысты әдеп жөніндегі уәкілдің міндеттері департамент басшыларына жүктелді.

Департаменттегі әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің (бұдан әрі – Әдеп кодексі) бұзушылықтарының профилактикасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация береді. Қабылдау уақыты мен күндері көрсетілген кесте, Қызметтік әдеп қағидалары Комитеттің интернет-ресурсында, сондай-ақ мемлекеттік орган ғимаратындағы қолжетімді жерде орналастырылған.

Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын анықтау мақсатында әлеуметтік желілерге тұрақты түрде мониторинг жүргізеді, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әрекеттеріне қатысты сын фактілерінің болуына ақпараттық кеңістікке (жаңалықтар сайттары, әлеуметтік желілер, газеттер, телеарналар) мониторинг жүргізіледі.

Жалпыға қолжетімді жерлерде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің әдеп жөніндегі уәкілі туралы оның байланыс деректері көрсетілген ақпарат, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша кезекші бөлім мен Call-Center нөмірлері орналастырылған (ғимараттағы стендтерде, ҚР СИМ ТРМК сайтындағы ТРМКД парақшасында, ТРМКД Facebook парақшасында).

Интернет-ресурс электрондық үкімет порталында орталықтандырылған түрде жүргізіледі.Сайтқа келушілер Техникалық реттеу және метрология комитетінің басшылығына тікелей хабарлама жаза алады немесе Сауда және интеграция министрінің блогына кіре алады. Сонымен қатар Департаменттің Facebook әлеуметтік желісінде парақшасы жүргізіледі, онда кез келген адам Департамент басшылығына хабарлама қалдыра алады (қазіргі таңда жазылушылар саны – 4 916).

Күн сайын Департамент қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқама жүргізіліп, оның барысында олар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнаманың негізгі ережелерімен қол қою арқылы таныстырылады.

Сонымен қатар Департаменттің сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөніндегі жүргізіп жатқан шаралары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында (сайт, әлеуметтік желілер, газеттер) орналастырылады.

2. Өтініштерді қарау

Департамент қызметкерлері заңды және жеке тұлғалардың бейіндік заңнаманы түсіндіру жөніндегі өтініштерін олардың келіп түсуіне қарай қарайды. Барлық өтініштер қаралды, өтініш берушілерге уақтылы толық жауаптар берілді. Қайталама өтініштер болған жоқ.

Өтініш берген тұлғаның өтінішті орындаушымен байланысын болдырмау мақсатында өтініштер есепке алынып, келіп түсуіне қарай қызметкерлер арасында бөлінеді. Өтініштер заңда белгіленген мерзімдерде қаралады.

Мемлекеттік органдарға ресми өтініштерді E-otinish.kz (Е-өтініш) сервисі – Қазақстан азаматтарының электрондық өтініштері мен онлайн-петицияларын қабылдау және өңдеу жөніндегі ресми сайт арқылы беру мүмкіндігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Еркін қолжетімді жерде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі әзірлеген сенім телефондары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұрандары бар флаерлер, сондай-ақ электрондық өтініштер беру жөніндегі ұсынымдар орналастырылған.

Департамент басшылығы азаматтарды жұмыс уақытында және алдын ала жазылу бойынша қабылдайды; қосымша қабылдау бекітілген өңірлік кестелерге сәйкес жүргізіледі.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің балансында тұрған және Департаментке бекітілген автокөлік құралдары жоқ, яғни мемлекеттік мүлікті қызметтен тыс уақытта пайдалану мүмкіндігі жоқ. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Департамент қызметіндегі орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің

мемлекеттік сатып алу ақпараттық порталы арқылы қабылданады, бұл тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен байланысты барынша азайтуға мүмкіндік береді. Департамент мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды дербес жасамайды.

Талдау жүргізілген кезде Әдеп кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтамауға байланысты тәуекелдердің туындау жағдайлары анықталған жоқ. Департамент қызметкерлеріне қатысты қылмыстық, әкімшілік істер жоқ. Ағымдағы кезеңде Департаменттің бірде-бір қызметкері Департамент қызметі саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылған жоқ, БҚО бойынша тәртіптік кеңесте Департамент қызметкерлеріне қатысты материалдар қаралған жоқ. 2026 жылдың өткен кезеңінде Департамент қызметкерлері тәртіптік жауаптылыққа тартылған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Департамент мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелеріне сәйкес талдау объектісінің қызметшілері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған.

Департамент қызметкерлері мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң басшылыққа алады.

Департамент қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ нормативтік құжаттарға тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша Департамент қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер тұтастай алғанда жеткілікті құқықтық айқындыққа ие және қабылданатын шешімдердің заңдылығына елеулі ықпал етуі мүмкін сыбайлас жемқорлық факторларын қамтымайды деген қорытынды жасалды. Анықталған жекелеген бағалау ережелері қолданыстағы бақылау рәсімдерімен, шешімдерді міндетті түрде құжаттық ресімдеумен және лауазымды адамдардың қызметіне ведомстволық бақылаумен теңгеріледі.

ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкессіздікке жол беруге ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ жүктелген функцияларды орындау кезіндегі жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою мақсатында мыналар ұсынылады:

1.Департамент қызметіне ішкі нормативтік құқықтық актілерді сәйкестендіру, функционалдық міндеттерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындау бөлігінде бақылауды жалғастыру;

2. Департамент туралы ережеде айқындалған функцияларға сәйкес қызметті жүзеге асыру, атап айтқанда бейіндік заңнамаға сәйкес мемлекеттік бақылау жүргізу;

Заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу

3. Департамент қызметкерлері мыналарды жалғастырсын:

- өз мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, рияссыздықтың үлгісі болу;
- адал болу, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, заңсыз көлік, сервистік және өзге де қызметтерді алу үшін өзінің әлеуметтік жағдайын немесе өзге де мүмкіндіктерін атап көрсетпеу және пайдаланбау;
- лауазымды адамдардың өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік не артықшылықтар алу үшін оларға сыйлықтар беруге және қызметтер көрсетуге жол бермеу;
- қызметтік әдеп нормаларының, оның ішінде мінез-құлық стандарттарының талаптарын сақтау.

Жұмыс тобының жетекшісі **Нурбаева Г.Г.**

Жұмыс тобының мүшелері: **Үкібаев Н.А.**

Муапық Н.А.